

«8D02201-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Смагулов Нұржан Айдаровичтің «Шәкәрім Құдайбердіұлының фикһи көзқарастарының қалыптасу негіздері («Мұсылмандық кітабы» еңбегі негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

### СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p>	<p>Диссертациялық жұмыс еліміздегі ғылымның даму бағыттары басымдылықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жағдайындағы дін, тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі</p>	<p>«8D02201-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.</p>

	<p>жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	
<p>2</p> <p>Ғылымға маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.</p>	<p>Аталған зерттеу жұмысы қазақтың ойшыл ақыны ғалым Шәкәрім Құдайбердіұлының фикһ саласында жазған «Мұсылмандық кітабы» еңбегін исламтанулық тұрғыдан зерттеу арқылы ғылымға елеулі үлес қосып, бабалар мұрасын жаңғыртып, соның себебімен еліміздегі діни тұрақтылықты сақтауға септігін тигізеді. Диссертант зерттеу жұмысында осы тақырып аясында алдыңғы жазылған диссертацияларды оқып, оларды сыни тұрғыдан талдап, оларға ғылыми тұрғыдан баға бере білген. Сондай-ақ диссертант Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» еңбегі зерттеу арқылы ғалымның діни құқықтық мектебін, әдіснамасын анықтап, оның шығарған діни ой-тұжырымдарының ханафи мазһабының негіздерімен қаншалықты сай не сай еместігін талдап көрсетуі құнды саналады.</p>
<p>3</p> <p>Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі:  <u>1) жоғары;</u>  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазуының деңгейі жоғары. Диссертант жұмысты өз бетінше ізденіс негізінде жазғаны, тараулар арасындағы логикалық байланыс пен сабақтастық, ойларын тұжырымдауы және дәйектемелерді қолдануы жоғары бағаланады. Сонымен қатар, жұмыстың ғылыми стилі, дәлелділігі мен жеткізу тілінің түсініктілігін атап өту қажет. Зерттеу жұмысында анықтамалар мен</p>

4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>негізделген;</b></li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген</li> </ol>	<p>терминдер түсінігі, статистикалық көрсеткіштер баяндалған кестелер берілген. Диссертациялық жұмыс ғылыми талаптарға сай жазылған, мазмұны логикалық және түсінікті етіп ғылыми тілде оқырманға жеткізілген деген пікірдемін.</p>
			<p>Диссертацияның өзектілігі Қазақтың әдебиеті мен тарихында ақын, ойшыл, рационалист ретінде танылған Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» еңбегін зерттеу арқылы ғалымның діни қырын ашуында көрініс табады. Өйткені өткен ғасырдағы ұлт зиялыларының ислами-ғылыми мұрасын зерттеу тарихымызды одан әрі байыта түседі. Дәстүрлі дүниетанымның қайнаркөзі ата-бабалар жолы екенін ескеретін болсақ, онда өткен ата-бабаларымыздың тарихын білу болашағымыздың кепілі екендігін сеніммен айта аламыз. Осы тұрғыдан алғанда жұмыстың өзектілігі бабаларымыздың еңбектерін нақты сенімді нұсқасы арқылы зерттеуінде көрінеді. Ұсынылған диссертациялық жұмыстың тақырыбы жоғарыда аталған маңызды мәселелерді ғылыми-теориялық және салыстырмалы әдістер негізінде қарастыру тұрғысынан өзекті саналады.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>айқындайды;</b></li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>		<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы зерттеу жұмысының тақырыбын айқындайды. Диссертант алғашқы тарауда Шәкәрім Құдайбердіұлы және оның діни-идеалистік көзқарастарының негіздерін баяндаған. Екінші тарауда диссертант «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің мазмұны мен жазылу әдіснамасын зерттеген. Екінші тарауы да</p>

		<p>өзара үш тараушадан құралған. Үшінші тарауда диссертант Шәкәрім Құдайбердіұлының ғиқһтық көзқарастарын жан-жақты салыстырмалы әдіс арқылы талдай білген. Ғылыми жұмыс аясындағы шешімдер мен қағидаттар тақырыптың мазмұны аясында шығарылған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сәйкес келеді;</u></b></li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант ұлы ақын, жазушы, философ, қайраткер, фақих, мутакаллим, рационалист, және шаригат ілімдері бойынша аса құнды еңбектер қалдырған Шәкәрім Құдайбердіұлының ғиқһи көзқарастарының негіздерін, оның «Мұсылмандық кітабы» еңбегінде келтірілген құқықтық үкімдерді анықтап, ғылыми тұрғыда талдауды мақсат еткен. Сол мақсатқа сәйкес тоғыз түрлі міндет айқындап, міндеттерді тиісті дәрежеде орындаған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толық байланысқан;</u></b></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық тараулары мен тараушалары арасындағы логикалық байланыс жақсы сақталған, ішкі бірлікке ие. Зерттеуші алдымен Шәкәрім Құдайбердіұлы және оның діни-идеалистік көзқарастарының негіздерін көрсетсе, екінші тарауда диссертация тақырыбына сай «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің мазмұны мен жазылу әдіснамасын зерттеген. Үшінші тарауда диссертация тақырыбына сай Шәкәрім Құдайбердіұлының ғиқһтық көзқарастарын жан-жақты салыстырмалы әдіс арқылы зерттеп, олардың ерекшелігі мен құндылығын айқындаған.</p>

	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдерін бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра дәлелдеген. Аталған тақырып аясында өзінен алдын жазылған жұмыстарға сыни талдау жасап, баға берген. Сонымен қатар «Мұсылмандық кітабы» еңбегін ханафи мазһабының іргелі еңбектерімен салыстыра зерттегенде компаративистикалық әдіс кеңінен қолданыс тапқан. Зерттеу нәтижелері өзінен бұрынғы зерттеулермен салыстырылып бағаланған.</p>
<p>5 Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p><b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></p> <p><b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыстан шыққан нәтижелерге салыстырмалы түрде толығымен жаңа деп баға бердік. Өйткені Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» еңбегі аясында бірқатар отандық ғалымдар тарапынан докторлық және кандидаттық диссертациялар мен монографиялар жазылған. Алайда диссертант аталған зерттеуінде Шәкәрімнің «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің нақты ислам құқығы тұрғысынан толыққанды зерттелмегендігін дәлелдей білген. Осы тұрғыдан алғанда жасалған ғылыми нәтижелер толық жаңа деп қарастырдық.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация қорытындыларының бірі жартылай, бірі толығымен жаңа болғандықтан, жалпы алғанда оларға ішінара жаңа деген баға берілді. Ресей патшалығы кезіндегі Қазақ даласындағы діни жағдай, Шәкәрімнің діни тұлға ретінде қалыптасуына әсер еткен тұлғалар, «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің эволюциясына қатысты шыққан қорытындылар</p>

		алдыңғы зерттеулердегі тұжырымдарға негізделгендіктен ішінара жаңа деп бағаланды.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық салалармен тікелей байланыспайды. Десе де диссертацияда елімізде діни тұрақтылықты сақтау және отандық дін ғалымдарының еңбектерін ғылыми айналымға енгізу бойынша шешімдері ұсынылған және негізделген.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Диссертациялық жұмыстың әрбір тарауындағы мәселелер бойынша жасалған қорытындылар ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Қорытындылардың бір бөлігі теориялық зерттеу нәтижелеріне негізделсе, екінші бөлігі эмпирикалық зерттеуден алынған дәлелдемелерге негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	7.1. Диссертация жұмысында зерттеуші 9 қағидат айқындаған. Олардың әрқайсысы жеткілікті деңгейде дәлелденген. 7.2. Зерттеу жұмысының қағидаттары тривалды емес. Диссертант қағидаттарды өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып қалыптастырған. 7.3. Диссертация жұмысында 9 қағидат жасалған. Олар салыстырмалы түрде ішінара жаңа саналады. Бірінші қағидатта – қазақ даласындағы ислам дінінің және Ресей патшалығының қазақ жерін басқарудағы әртүрлі бағдарламаларының тарихнамасы жүйеленіп,

**1) ия;**

2) жоқ

7.4 Қолдану деңгейі:

1) тар;

2) орташа;

**3) кең**

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

**1) ия;**

2) жоқ

Ресей империясының қазақ жеріндегі басқару саясатының діни-мәдени аспектілері нақты тарихи контексте қарастырылып, бұл еңбектердегі ғылыми тұжырымдар мен әдіснамалар қазіргі исламтану мен тарих ғылымдарының жаңа талаптарына сай қайта бағаланып, жаңа түсініктер мен талдаулар ұсынылған, екінші қағидатта – Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты отандық дереккөздер жан-жақты сараланып, ғалымның діни тұлғалығы мен діни көзқарастарының қалыптасуында маңызды рөл атқарған тұлғалардың ықпалы анықталған, үшінші қағидатта – Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің эволюциясын тарихи және саяси-идеологиялық тұрғыдан саралау негізінде бұл шығарманың қазақ халқына дін мен мәдениеттің терең мәнін түсіндіру, сонымен қатар рухани жаңғыру мен ұлттық бірлікті қалыптастырудағы маңызы ашылған, төртінші қағидатта – Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» трактатын ислам әлеміне белгілі ғалымдар Әли Зада, Мақсуд Хади секілді тұлғалардың еңбектерімен атрибуциялық салыстыру нәтижесінде, аталмыш шығарманың сөйлем құрылымдары мен қолданылған сөздері арасында ұқсастықтар анықталып, көпшілікке «Мұсылмандық шарты» деген атаумен танымал болған еңбектің шынайы аты «Мұсылмандық кітабы» екендігі қолжазбаларға жүргізілген тарихи-мәтіндік зерттеу нәтижесінде нақтыланған, бесінші қағидатта –

«Мұсылмандық кітабы» еңбегінде қолданылған ислам құқығының негізгі қағидалары анықталып, оларды өзге мұсылман құқықтанушыларының методологиялық ұстанымдарымен салыстыра зерттеу нәтижесінде Шәкәрім Құдайбердіұлының ханафи мазһабының құқық негіздері қағидаларын ұстанғаны ғылыми тұрғыдан дәлелденген, алтыншы қағидада – Отандық және шетелдік кітапханалардағы ислам ғалымдарының классификациялық еңбектерін жан-жақты зерттеу нәтижесінде, Шәкәрім Құдайбердіұлының ұстаздар шежіресінің Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) дейін жалғасатыны анықталып, Шәкәрімнің ислам мәдениеті мен ғылымына қосқан үлесі ғылыми тұрғыдан дәлелденген, жетінші қағидада – Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» еңбегіндегі мәселелерді терең талдап, ондағы үкімдердің ерекшеліктерін анықтау мақсатында ханафи мазһабының іргелі қайнаркөздеріндегі үкімдермен салыстыра зерттелген. Салыстыру нәтижесінде Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбегінде көтерілген мәселелердің ханафи мазһабының негізгі пәтуаларына сай келетіндігі дәлелденген, сегізінші қағидада – Шәкәрім Құдайбердіұлының кейбір құқықтық мәселелерде өз заманындағы әлеуметтік және мәдени жағдайларды ескере отырып, ханафи мазһабындағы негізгі үкімдер мен пәтуаларды емес, сирек үкімдер мен пәтуаларды қолданғаны анықталған, тоғызыншы қағидада – Шәкәрім Құдайбердіұлының кейбір фикһи

8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>мәселелерде бір ғана мәзһабтың үкімдерімен шектелмей, уақыт пен орын ескере отырып, ижтиһад жасау арқылы шешім қабылдағаны, сонымен қатар әдет-ғұрыптарды негізге ала отырып, усул әл-фикһ қағидаларын шебер қолданғаны көрсетілген.</p> <p>7.4. Диссертация қағидаттары теория мен практикадағы қолдану деңгейі «кең». Атап айтқанда зерттеуден алынған ғылыми нәтижелерді ислами ЖОО, ислам зерттеулері орталықтары мен өзге де салаға қатысы бар ұйымдар ауқымында кең қолдануға болады.</p> <p>7.5. Диссертацияда көрсетілген қағидаттар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста әдістемелік таңдау толық негізделген, оларды жұмыстың жазылу барысынан көруге болады. Диссертациядағы зерттеулер мен талдаулар сапалық әдістер негізінде жүргізілген. Зерттеу жұмысында екінші реттік дереккөздермен қатар бірінші реттік дереккөздер де кең қолданылған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологиялар, ғылыми зерттеулердің замануи әдістемелерін қолданғаны байқалады. Деректерді талдау нәтижелері түрлерінде интерпретацияланған.</p>
	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <u>1) ия;</u> 2) жоқ		
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <u>1) ия;</u>		

	<p>2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p><b>2) жоқ</b></p>	<p>Диссертация жұмысының зерттеу нысаны эксперименттік зерттеулерді қажет етпейді. Теориялық қорытындылар нақты исламтанулық және деректанулық зерттеулермен дәлелденіп расталған.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертант зерттеу жұмысында ұсынған ой-тұжырымдарын шетел және Қазақстан зерттеушілерінің еңбектеріне сілтеме беру арқылы негіздеген. Диссертация жұмысында исламтанулық және деректанулық зерттеуден жинақталған бірінші реттік дереккөздерді ғылыми талдау негізінде маңызды әрі дәйекті мәлімдемелер жасалған.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> / жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыста сала бойынша жазылған әдебиеттерге жеткілікті деңгейде ғылыми айналымда бұрын-соңды болмаған әдебиеттерге шолу жасалынған. Әдебиеттік шолу ислам құқығы саласындағы іргелі әдебиеттермен қатар, соңғы жылдары жазылған ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстарын қамтыған. Оның ішінде аталған тақырып аясында ізденген зерттеушілердің еңбектеріне арнайы шолу жасалған. Ізденуші әдебиеттерге кешенді шолу</p>

9	Практикалық құндылық принципін	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>жүргізу арқылы диссертация тақырыбының өзектілігі мен ғылымға қосар үлесін жақсы негіздеген.</p> <p>Диссертацияның теориялық маңызы жоғары бағалануға лайық. Зерттеу нәтижелері Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» еңбегін жан-жақты зерттеп, ғылыми айналымға енгізу арқылы Қазақстандағы мұсылмандардың діни тұрақтылығын реттеуге мүмкіндік береді.</p> <p>Диссертацияда қол жеткізілген ғылыми нәтижелердің практикалық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысынан шыққан қорытындылар еліміздегі исламтану саласының дамуына маңызды ұсыныстарды қамтыған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстарды «толығымен жаңа» деп қарастыруға болады. Қазақ қоғамында ақын-жазушы, философ ретінде танылған Шәкәрім Құдайбердіұлы жаңа қырынан, дәлірек айтқанда ислам ғалымы ретінде таныту арқылы ұлттық және діни сана, бірегейлік және діни ахуал мәселелеріне қатысты ғылыми ізденістерді жетілдіруге қатысты жасалған ұсыныстар толығымен жаңа деп бағаланады. Сонымен қатар Қазіргі уақытта Орта Азия, әсіресе Қазақстан аумағында кең етек жайған діни радикализм мен экстремизмге қарсы күресте, қазақ жастарының радикалды топтардың жетегінде кетуінің алдын алатын дәстүрлі діни дүниетанымымызға сай ілім беретін, қазақтың ежелден ұстанған жолын анықтап көрсетуге қатысты берілген</p>
---	--------------------------------	--	---


10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>жоғары;</b></li> <li>2) орташа;</li> <li>3) орташадан төмен;</li> <li>4) төмен.</li> </ol>	<p>Ұсыныстар да толығымен жаңа деп бағаланады. Осы аталған жағдайларға байланысты зерттеуден шыққан ұсыныстарға толығымен жаңа деген баға бердік.</p> <p>Диссертацияны жазудағы академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Автор теориялық және деректік мәліметтерді талдауда ғылымда мойындалған әдіснамаға сүйене отырып, ғылыми стильде баяндаған. Диссертациялық мәтін ғылыми нормаларға сәйкес жазылған.</p>
----	---------------------------	---	--

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

«8D02201-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Смагулов Нұржан Айдаровичтің «Шәкәрім Құдайбердіұлының фикһи көзқарастарының қалыптасу негіздері («Мұсылмандық кітабы» еңбегі негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты  
дінтану орталығының жетекшісі, PhD  
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)



А.Д. Шағырбай

